



Мұхтар Әуезов

- XX ғасырдағы қазақ әдебиетінің ең биік тұлғасы - Мұхтар Омарханұлы Әуезов.
- Ол – қазақ әдебиетіндегі алғашқы роман-эпопеяның авторы қазақ әдебиетінің өркендеуіне үлес қосқан ұлы тұлға.
- Мұхтар Әуезов 1897 жылы 28 қыркүйекте қазіргі Семей облысының Абай ауданында дүниеге келген. Оның атасы Әуез Абаймен замандас болған. Мұхтар атасы Әуездің тәрбиесінде өскен. Атасы Мұхтарға Абайдың қолжазба өлеңдерін оқытып, жаттатып отырған. Бұл болашақ жазушының әдебиетке құштарлығын оятқан.

Оқу орындары

1908	Семейдегі 5 сыныптық орыс гимназиясына оқуға түседі
1922	Ташкент мемлекеттік университетінде тыңдаушы болады
1923	Санкт-Петербург университетіне аусты
1928	Санкт-Петербург университетіндегі филология факультетін бітіріп шығады
1930	Ташкенттегі Орта Азия мемлекеттік университеті Шығыс факультетінің аспирантурасын аяқтайды

Мұхтардың Әуезовтің шығармалары

1917	“Еңлік - Кебек” пьесасы жазылған
30 жылдар	“Қарагөз”, “Айман-Шолпан”, “Қобыланды”, “Тастүлек” сынды озық драматургиялық шығармалар
1936	“Абай” пьесасы жазылды
1951	4 кітаптан тұратын әлемге әйгілі “Абай жолы” роман- эпопеясы дүниеге келді
20-30 жылдары	“Қараш-қараш оқиғасы”, “Көксерек”, “Қилы заман” повестері
30-40 жылдары	“Іздер”, “Білікке-білек”, “Шатқалаң”, “Бүркітші” әңгімелері

“Абай жолы – ұлы шығарма”

- Мұхтар Әузовтің “Абай жолы” роман-эпопеясы - әлемдік сөз өеріне қосылған асыл мұра. Роман-эпопея Абай жайлы болғанымен, ол бүкіл қазақ қоғамының жарты ғасырлық даму жолымен бірлікте алынып көрсетіледі.

- Төрт томдық эпопеясының әр тарауы Абай өмірінің әр кезеңін суреттейді.
- БІРІНШІ КІТАП – бала Абай, жас Абайдың адамдық, адамгершілік, ақындық негізінің қалауын ашады.

- ЕКІНШІ КІТАП – біз ақын Абайды, бүкіл поэзиясынан адамгершілік рухын себуге арналған азамат Абайды танимыз. Ұлы ақын өзінің адамгершілік және ағартушылық идеяларын халқына өнеге етіп шашады.

- ҮШІНШІ, ТӨРТІНШІ КІТАПТАРДАН қоршаған ортаның келеңсіздігімен, адамдықты алға қойған ұлы мұратына кедергі келтірмек болған дұшпандарымен күрескен қайраткер, ақын, дана Абайды танимыз. Абай – дәуір тұлғасы, оның өмір жолы – дәуір айнасы.